

Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 1520 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігінің «Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» мемлекеттік мекемесі болып қайта а т а л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) **күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.02.2013 № 109 қаулысымен;**

2) «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 14, 168-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

«Мемлекеттік мекемелер» деген 3-бөлімде мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«88-1. Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы»;

3) «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

реттік нөмірі 6 - жолда:

3 - бағанда:

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі, оның аумақтық органдарын және оған ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:» деген жолдағы «11471» деген сандар «11621» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне ведомстволық

бағыныстағы мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:» деген жолдағы «5460» деген сандар «5610» деген сандармен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

	Агрохимия қызметі республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы	150
--	---	-----

»;

реттік нөмірі 20-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

20.	Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі, оның аумақтық органдарын ескере отырып	360
-----	--	-----

».

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.02.2013 № 109 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын өзге де ш а р а л а р д ы қ а б ы л д а с ы н .

4. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов